

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: «Кенесары Қасымұлы»

Орындаған: Мергенбай С Т

Тексерген: Қыздарбеков.Б Қ

Қарағанды 2014

Мазмұны:

.Кіріспе

Батырдың қысқаша өмірбаяны

- I-тарау: Балалық шағы
- II-тарау: Көтерілістің себептері, мақсаты және қозғаушы күштері
- III-тарау: Ақ киізге көтерілуі
- IV-тарау: Хандықтың құлдырауы
- V-тарау: Дереккөздер

.Қорытынды

.Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе

- Талай қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихы күрделі әрі оқиғаға толы болды. Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп, күш-жігерінің, патриоттық рухы мен дипломатиясының арқасында елі мен жерін сақтап қалды. Тарихтың қиын кезеңдерінде ұлан-байтақ жерін жоғалтпай, барлық қиындықтарды жеңіп, оны болашақ ұрпаққа табыстап отырған. Қазақ халқы басына бұлт үйірілген кездерде ұйымшылдық танытып, басқа халықтармен татулық пен бірлікте өмір сүруге ұмтылысының арқасында тарих ағымында жоғалмай, керісінше, өз мемлекеттігін құра білді.

Мақсаты:

Кенесары қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқарып, басын біріктіру, азаттық пен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскери қолбасшы ретінде ел есінде қалды! Қазақ халқының талай бастан кешкен қиын қыстау кезеңдерде Елім деп Жерім деп жан пидә еткен батырдың ерлігі! «Ер есімі – Ел есінде» демекші батырдың еліне істеген ерліктері үшін ел жүрегінде ұмытылмас тұлға!

Кенесары Қасымұлы – хан, қазақтардың патшалық Ресей мен Қоқан хандығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының басшысы! Кенесары Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік-Сенгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837 – 1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841 – 1847). Кенесары Шыңғыс ханның 27-ұрпағы, Абылай ханның немересі



«Қазақстан тарихы энциклопедия» Қинаятұлы. З. Омарбеков.Т. Ермұханов.Б. Тарих ғылымының докторы;

Сұлтан Кенесары 1802 жылы дүниеге келген. Ол Қасым сұлтанның бел баласы, Абылай ханның туған немересі еді. Көтерілістің болашақ басшысы Кенесары бала кезінен-ақ ат құлағында ойнады, құралайды көзге атқан мерген болды. Қанжығасы қанды ғажайып аңшылығымен, қара қылды қажарған әділдігімен, ерік-жігері, қажымас қайратымен және жүрек жұтқан батыллығымен, қайтпас қайсар қаһармандығымен танылды. Оның бойында ұйымдастырушылық және әскери қолбасшылық таланты мол болатын. ХІХ ғасырдың орта кезіндегі орыс зерттеушілерінің бірі Л. Майер «Кенесарыға көзсіз ерлік тән еді» деп жазды.



«Қазақстан тарихы энциклопедия» Қинаятұлы. Жұмғұлов, Қ
Тарих ғылымының докторы; профессор,

«Көтерілістің себептері, мақсаты және қозғаушы күштері»


- XIX ғасырдың 20 — 30-жылдарында отаршыл өкімет билігі мен қазақ халқының арасындағы қарым-қатынас елеулі түрде шиеленісе түсті. Біріншіден, Кіші жүз бен Орта жүздегі хан билігінің жойылуы сұлтандардың, билердің және батырлардың едәуір бөлігінің наразылығын туғызды. Екіншіден, патша үкіметі қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі жерлерін әскери бекіністер салу үшін жаппай тартып ала бастады. Үшіншіден, бұрын Ресейге ешқандай алым-салық төлеп көрмеген қазақтарға ендігі жерде жасақ, түтін салығы, жол салығы сияқты алым-салық түрлері көбейе түсті, қазақ өз жерін өзі жалға алып, пайдаланатын күй кеше бастады. Төртіншіден, патша үкіметінің әскери отрядтары қазақ ауылдарына шабуыл жасап, күн көрсетпеді. Осының бәрі байырғы жергілікті халықты (номадтарды) қатты күйзеліске ұшыратты, олардың күн көрісін қиындатып жіберді.

- Кенесары жасақтарының белсенді әскери іс-қимылы 1838 жылдың тамыз айында басталды. Ол Ақмола бекінісіне таяу ірі елді мекенді алты күн бойы қоршауда ұстап, өртеп жіберді. Ақмола бекінісі мықты қорғалатын. Бекіністің төңірегіне терең ор қазылып, оған жете беріс жерлерге күшті кедергі-тосқауылдар қойылған болатын. Ақмола бекінісін аға сұлтан Қ. Құдаймендіұлы мен әскери старшина Карбышев бастаған отряд қорғады. Кенесары шабуылды 1838 жылдың 7 тамызында таң саз бере бастады. Оның сарбаздары бекіністі өрт шығаратын жебелермен атқылады. Бекініс өртке оралды. Кенесарының даңқты батырларының бірі Басықара бекіністің ішкі жағасына баса-көктеп кіріп барып, сұрапыл ұрыс салды



Ермұхан Бекмаханов: «Кенесары-Ұлт-азаттық көтерілістің косемі» (1915-1966) тарих ғылымының докторы профессор;

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМУҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1837-1847 жж.)



- Кенесары Қасымұлы да мемлекет тәуелсіздігінің өте маңызды іс екенін халық санасына кұюда қыруар еңбектер атқарды. Кенесары қолы алғашқы әрекетін 1838 жылы көктемінде Ақмола бекінісін қоршап, өртеуден бастады. Қамал бастығы әскери старшина Карбышев пен Ақмола аумағының аға сұлтаны Қоңыркұлжа Құдаймендин төнген ажалдан құтылып кетті. Кенесары енді Торғайға бет бұрды. Кенесары Қасымұлы патша өкілдеріне жазған хаттарында бұл әрекетін Ресейшекараларына жақындатуға ұмтылу, сол арқылы келіссөз процестерін жеңілдету деп түсіндірді.



. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009:
<http://kk.wikipedia>.

“Венн диаграммасы”

Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің

Сырым Датұлы бастаған көтерілістің

Феодалдық топтардың Кенесарыны қолдамауы

Қоқандықтардың тепкісіндегі қазақтарды азат ету.

Бүкіл Қазақстанды қамтыған ұлт-азаттық қозғалыс

Қазақ өлкесіндегі ең ұзақ көтеріліс 10 жылға созылды

Кіші жүзді - Еділ-Арал теңізін қамтыған

Қазақ феодалдарының арасындағы алауыздық және ру аралық қайшылықтар

Еділдің шығысындағы ірі халықтық сипаттағы қозғалыс.

Қазақ өлкесіндегі ең ұзақ көтеріліс 14 жылға созылды

Отаршылдық езгіге қарсы бағытталған

Қазақ шаруалары, билер, старшындар

Қазақ өлкесіндегі ең ұзақ көтерілістер

Ақ киізге көтерілуі

- 1841 жылы Кенесары хан сайланды, оның саясатының басты мақсаты қазақ хандығын қайта қалпына келтіру болды. Кенесары мемлекетті басқаруда шариғаттың негізгі ережелерін енгізді, сонымен бірге, билер сотын қалпына келтірді. Мемлекет пен оның әскерін нығайту жолдарын жетік білетін хан мұсылмандық құқық ережелерін бекітті. Салық саясаты да оны тиімді жолмен жинауға бағытталды.
- <http://ardaktylar.kz/articles/i-i/-/>

- Үш жүздің қазақтарының біріккен ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қатты алаңдатты. **1843** жылы шілденің **27** **І Николай** империя құрамындағы қазақ хандығына қарсы ең көлемді әскери қозғалыстарға рұқсат беретін басқа мемлекет болмауы тиіс деген қағазға қол қойды.
- Бір кезеңде патша әскерлерімен және ымыраға келмес сұлтандармен күрес жүргізген Кенесары **1843—44** жж. біраз жеңістерге қол жеткізсе де, шегінуге мәжбүр болды. Шегіне келе Кенесары **қырғыз** жеріне шекаралас **Ұлы жүздің** аумағына орналасты. Ханның келесі бағыты қырғыз халқын орыс отаршылдығына қарсы ортақ күреске көтеру болды, алайда ол манаптар тарапынан күшті тойтарысқа тап болды.

Кенесары **Токмақ маңындағы екі жақтың күші тең емес шайқаста қаза болды. Кенесары сіңірген тарихи еңбегі — ол қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды. Кенесары ханның саясаты және идеологиясы ұлттың даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды**

Дереккөз



Кенесары хан
атындағы
қоғамдық қордың тапсырысымен
орындалды

Қорытынды:

- . Кенесары сіңірген тарихи еңбегі — ол қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды. Кенесары ханның саясаты және идеологиясы ұлттың даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған! Ел жүрегіндегі ұмытылмас тұлға!

Пайдаланған әдебиеттер

- «Қазақстан тарихы энциклопедия» Қинаятұлы. З. Омарбеков.Т. Ермұханов.Б. Тарих ғылымының докторы;
- «Қазақстан тарихы энциклопедия» Қинаятұлы. Жұмғұлов,Қ Тарих ғылымының докторы; профессор,
- Ермұхан Бекмаханов: «Кенесары-Ұлт-азаттық көтерілістің косемі» (1915-1966) тарих ғылымының докторы профессор;

<http://ardaktylar.kz/articles/i-i/-/>

- Қазақ елінің тарихы : оқу құралы / Е. Ө. Примбетова. - Алматы : ҚазГЗУ, 2003. - 196 б.



Назар аударғандарыңызға рахмет!!!